

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 40 (892) 16 қыркүйек, 2022 жыл

[facebook.com/tainsha.tany](https://facebook.com/tainsha.tany)



<http://tainshatany.kz>



[tainsha\\_tan@list.ru](mailto:tainsha_tan@list.ru)

## ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VII СЪЕЗІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі дұға жасау үшін бір минуттық үнсіздіктен басталды. «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің пандемиядан кейінгі кезеңдегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы рөлі» атты пленарлық отырысты ашқан Мемлекет басшысы Қазақстан үшін әлемнің ең құрметті рухани көшбасшыларын бірге жинап, диалог орнату үлкен құрмет екенін атап өтті. Президент Ватикан мен Католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы Францискке, ең көне Әл-Азһар ислам университетінің Жоғарғы имамы Шейх Ахмад ат-Тайебке, Орыс православ шіркеуінің өкілдеріне, Израильдің Бас ашкеназ раввині Давид Лауға, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосифке және форумның барлық қатысушысына өзінің ілтипатын білдірді.

– Біздің шақыруымызды қабыл алып, Қазақстанға келгендеріңіз үшін бәріңізге алғыс айтамын. Бұл бейбітшілікті сақтауға және өркениетаралық диалогты нығайтуға бәріміздің мүдделі екенімізді көрсетеді. Өзгеріске толы әрі белгісіздік белең алған қазіргі заманда бүгінгі басқосудың айрықша

мәні бар. Біздің съезд өркениетаралық диалог орнататын жаһандық деңгейдегі алқалы жиынға айналды. Бұл форумды өткізуге Қазақстанның бастамашылық етуі бекер емес. Себебі қазақ жері ғасырлар бойы Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір болып келеді. Осында, яғни Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүрген. Діни ұстамдылық – олардың бәріне ортақ сипат, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның айтуынша, Қазақстан халқы түрлі өркениеттер мен діндердің дәстүрін, төзімділік пен ашықтық қасиеттерін қабылдады. Сондықтан «бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты еліміздің негізгі ұстанымына айналды.

– Қазіргі уақытта 100-ден астам этнос Қазақстанда өзара түсіністік пен келісім жағдайында өмір сүреді. 18 конфессияның 4 мыңға жуық діни бірлестігі еркін жұмыс істеп жатыр. Мұны біздің баға жетпес байлығымыз әрі мызғымас басымдығымыз деп санаймыз. Съездің өткізілуі – еліміз бен бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Қазақстан саясатының маңызды бағыты. Бұған дейінгі форумдарда

қабылданған декларацияларда қандай идеялардың атын жамылғанына қарамастан радикализм, зорлық-зомбылық пен қақтығыстар әрдайым сынға алынды. Қазіргі күрделі жағдайда діни көшбасшылардың бір үстел басына отырып, кез келген қайшылықты еңсеретін ізгі амалдың үлгісін күллі әлемге көрсетуі аса маңызды. Менің ойымша, біздің съездің басты миссиясы мен ерекшелігі осында, – деді Президент.

Мемлекет басшысы коронавирустың таралуы экономика, саясат, әлеуметтік қатынастар сияқты өмірдің барлық саласына қатты ықпалын тигізді деп санайды. Карантиндік шаралар тауар тасымалдау жолдары мен қызмет көрсету, туризм, көлік және басқа да салаларға кері әсерін тигізді. Дағдарысқа қарсы мемлекеттік шығындардың артуы экономиканың құлдырауын тежеді, бірақ жаһандық инфляцияның өсуіне ықпал етті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ірі державалар арасында геосаяси қайшылықтар күшейіп, әлемнің түкпір-түкпірінде шиеленістер үдей түсті.

– Қырғи-қабақ және өзара сенімсіздік жағдайы халықаралық қатынасқа қайта

# ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ VII СЪЕЗІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ



оралып жатыр. Заманауи сын-қатерлерге нені қарсы қоюға болады? Тарих бұған бір ғана жауап береді. Ол ізгі ниет, диалог және ортақ күш-жігер. Табысқа жетудің басқа кепілі жоқ. Қазақстан кез келген даулы мәселені БҰҰ Жарғысына сәйкес тек қана келіссөз үстелі арқылы шешуді үнемі айтып келеді. Туындаған қайшылықтарды күшпен, қорқытумен немесе санкциялармен реттеу мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Мұндай сәттерде гуманистік идеалдарға жүгіну аса маңызды. Олардың басты қайнар көзі дәстүрлі діндер екені даусыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңа жүйенің қауіпсіздігі адам өмірінің абсолютті құндылығы, бір-бірінің мүдделерін құрметтеу, өзара көмек, ашықтық, теңдік және әділдік сияқты қағидаттардан құрылады деп санайды. Бұл мәселеде адамгершілік бедел мен рухани көшбасшылардың сөзі өте маңызды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Съезд қатысушыларына арнаған сөзінде Қазақстан дамудың конструктивті мәселесін өңірлік және жаһандық деңгейде жан-жақты ілгерілетуге елеулі үлес қосатынын айтты. Ал еліміздің ішкі мәселесінде бірлік, ынтымақ және тиімді диалог негізгі басымдық саналады. Бүгінде еліміз ауқымды реформалар бағдарламасын жүзеге асырып, Әділетті Қазақстанды құруға кірісті.

– Біздің жаңа экономикалық саясатымыз жалпыұлттық табысты әділ бөлуге және барлық азаматтың әл-ауқатын теңдей арттыруға бағытталған. Біз халықаралық сауда мен инвестициялық серіктестікті тереңдетуді қолдаймыз. Энергетика және

өндіруші салаларда экологиялық талаптарды дәйекті түрде күшейтіп, балама қуат көздерін пайдалану ісін кеңейтіп келеміз, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық үдерістегі дін мен рухани көшбасшылардың рөлін қайта зерделеуге бағытталған бірқатар тезисті талқылауға ұсынды.

– Біз мәдениетке, экономика мен қоғамға қатысты теориялық тұжырымдар мен практикалық әдістерді түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Өркениеттің шынайы болмысы мен мәнін сақтау үшін қоғамның барлық саласына ауқымды реформалар қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің пікірінше, рухани көшбасшылардың күш-жігерін жұмылдыруы және диалогы бүкіл адамзатқа қазіргі текетірестерден шығу жолын көрсетеді.

– Осындай ауқымды диалог тәжірибесі рухани көшбасшыларға түрлі бітімгерлік бастамаларды белсенді көтеруге құқық береді. Бұл әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан «қақтығыс ошақтарындағы» әскери қимылдар мен адамдардың зардап шегуін тоқтату үшін аса маңызды. Діндер басшылары – адамзаттың ар-ожданын сақтаушылар. Сондықтан өзара сенімге, қайырымдылық пен бейбітшілікке бастайтын жолды сіздер ғана нұсқайсыздар. Қазір адамзат бұрын-соңды болмаған жасампаз іс-әрекетке мұқтаж. Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін бәрімізге бейбітшілік жолындағы жаңа жаһандық іс-әрекет керек. Бұл мәселеде рухани көшбасшылардың рөлі

аса зор деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы гуманизм идеалдары мен берік рухани құндылықтарды ілгерілетуге шақырды. Оның айтуынша, жаңа технологиялар адам өмірінің барлық саласын түбегейлі өзгертіп жатыр. Пандемия бұл үдерісті жылдамдатып, күшейте түсті. Цифрлық коммуникациялар, интернет пен әлеуметтік желілер бүкіл жер шарындағы адамдар арасындағы шекараны бұзып, маңызды рөл атқарады.

**– Біз цифрлық технологиялардың әсерімен қоғамның бөлшектеніп, көзқарастар қайшылығы күшейе бастағанын байқап отырмыз. Виртуалды әлем көптеген адам үшін шынайы әлемнің орнын алмастыра бастады. Сондықтан жаңа цифрлық заманда рухани құндылықтар мен адамгершілік қасиеттер туралы мәселені қайта күн тәртібіне қою керек. Жас ұрпаққа жүйесіз берілетін ілім мен білім адамзатты жалпы даму мен жақсылыққа апармайды. Дін барлық кезеңде өзінің негізгі тәрбие беру қызметін атқарды. Құран, Інжіл, Таурат және басқа да қасиетті кітаптар гуманизм, жанашырлық және мейірімділік идеяларына толы. Олар агрессияны жақтамайды, радикализмді қабылдамайды, зорлық-зомбылықты айыптайды, толеранттылық пен ұстамдылыққа шақырады. Қазіргі заманда діндер көшбасшыларының жоғары миссиясы – адамдарға осы маңызды ақиқатты жеткізу, – деді Қазақстан Президенті.**

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Парламент Мәжілісінің депутаттары «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң жобасын мақұлдады. «Конституциялық заң жобасының мақсаты Конституциялық Кеңесті Конституциялық Сотқа айналдыру бөлігінде Республика Конституциясына енгізілген өзгерістерді жүзеге асыру, мемлекеттің адам құқықтарын қорғау институттарын нығайту, Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерінің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету. Заң және азаматтардың конституциялық бақылауға қолжетімділігін кеңейту», деп түсіндірді Әділет министрі Қанат Мусин палата отырысында.

Министрдің айтуынша, Конституциялық заң жобасы үш бөлімнен, 10 тараудан және 68 баптан тұрады. Мәні бойынша жобаны екі бөлікке бөлуге болады: бірінші бөлімде Конституциялық соттың, оның судьяларының мәртебесі, олардың кепілдіктері мен қамтамасыз етілуі, екінші бөлімде конституциялық сот ісін жүргізу тәртібі.

«Бірінші бөлімге келетін болсақ, Конституциялық Сот биліктің сот тармағына жатпайтынын атап өткім келеді, өйткені бұл мәселе Конституцияда шешілген. Конституциялық сот еліміздің бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган болады. Ал Конституциялық Соттың судьялары мәртебесі Конституцияда белгіленген жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалар болады», деді Қанат Мусин.

Сондай-ақ ол заң жобасы Конституциялық сот судьяларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібіне қатысты мәселелерді егжей-тегжейлі реттейтінін айтты.

Заң жобасының екінші бөлігінде, ең алдымен, конституциялық сот ісін жүргізудің жалпы шарттары мен қағидаттары бекітілгені атап өтілді. Конституциялық Сотқа жүгіну түрлері, олардың нысаны мен мазмұны айқындалады.

Egemen.kz.

\* \* \* \* \*

## ЖОЛДАУ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылау мақсатында «Біртұтас ұлт: сапа және инклюзивті өсім негіздері» атты дөңгелек үстел өтті. Оған еліміздің ғылыми-сарапшылар қауымдастығының өкілдері, республикалық және қалалық жастар ұйымдарының өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы, студенттер қатысты.**

Жиынға қатысушылар тарихи маңызды құжаттағы барлық қазақстандық қоғам алдында тұрған нақты міндеттерді кеңінен саралады. Отырыста сөз алған академик Дихан Қамзабекұлы: «Президенттің Жолдауы – ел дамуының негізгі қозғаушы күші, біз үшін жаңа белес. Бұл маңызды құжат мемлекетіміздің келешегін бағдарлайтын, дүниежүзілік бәсекелестікте іскерлігін бағамдайтын, негіз және ол Қазақстанның дамуының жаңа көкжиектерін белгілеумен құнды», деді. ЕҰУ «Саясаттану» кафедрасының меңгерушісі Бағыш Ғабдуллина Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы бұл елдің болашағын айқындайтын терең тарихи құжат екенін атап өтті. «Жолдауда адам капиталына жақсы мән берілген. Біз бұрын армандаған, бірақ орындалуы мүмкін еместей көрінген елдің ұлттық байлығын әрбір отбасының пайдалануы іске асады. Ұлттық қордағы кірістің 50 пайызы 18 жасқа дейінгі балалардың шотына аударылады. Сонымен қатар педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредиттеудің жаңа стандарты қабылданады және педагогтің құзыреттілік шеңбері әзірленеді, яғни жоғары құзыретті педагогтер қалыптасады. Ал жастар ұйымдарының өкілдері Жолдау еліміздегі жастардың дамуына және білім алуына үлкен серпін беретінін айтты. Бұл туралы «Qazaqstan Team» республикалық қоғамдық жастар бірлестігінің жетекшісі Олжас Сүлеймен: «Мемлекет жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп жатқаны қуантады. Президент Жолдауда еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беру керектігін, олардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдап және жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілетінін айтты. Мемлекетімізді өркендету жолында Президент айқындаған стратегиялық бағытты әрдайым ұстансақ, ұлы жетістіктерді кейінгі ұрпаққа үлгі етіп жалғастырамыз ақиқат. Бұл – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының міндеті деп ойлаймын», деді.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ, журналист.



ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына

1/9/2022

ЖОЛДАУЫ

### БІРІНШІ БАҒДАР. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ



## ЕНДІГІ ҮМІТ – ҮКІМЕТТЕ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған барлық мәселенің терең сараланған негізі бар. Соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселесіне нақты көңіл бөлініп, қордаланып жатқан проблемалардың шешілу жолдары айқындалды**

Президент «Азаматтардың сұранысына сәйкес ондаған абаттандыру жобалары жүзеге асырылды», деп өзін-өзі басқарудың кейбір қадамдарына қанағат білдірді. Осындай жұмыстардың шығыны аудандар мен ауылдық округ бюджеттеріне енгізілсе, мұндай жобалар жалғасын таба берер еді және жүйелі түрде жүргізілер еді. Сонда ауылдарымыз жайнап, қандастарымыздың көші-қонын арттыруға өзінің ықпалды үлесін қоса берер еді. Қоғамдық кеңестер мен ауыл белсенділерінің өтініштері ескеріліп, ауылылық жолдарды жөндеу, көрнекті жерлерді абаттандыру секілді жұмыстардың шығыны бюджетке енгізілгеннен кейін олардың сапалы орындалуын бақылау осы ұйымдарға арнаулы тәртіппен жүктелсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Жолдауда жастардың жұмысшы мамандықтарын алу мәселесі де айтылып, Үкіметтің осы мәселеге назар аударуы тапсырылды. Әйтпесе жыл сайын мектеп бітірген мыңдаған жасөспірім жұмысқа тұра алмай, мамандық ала алмай жұмыссыздар қатарын толтырады. Президент сол мәселеге назар аударып, олардың алдын ала жоспарланып, шешіліп отырғаны дұрыс болар еді деген пікірін де өте дұрыс деп санаймын.

Инфографиканы жасаған Амангелді Қияс, «EQ»

Жолдауда халыққа қуанышты хабарлар да жеткізілді. Әсіресе 18 жасқа дейінгі балалардың әрқайсына есепшот ашылып, оған мемлекет тарапынан арнаулы жарна салынып отыратыны өте үлкен қуаныш. Дамыған араб елдерінде, мұнайлы мемлекеттерде мұндай тәжірибе баяғыдан бар, соны біздің мемлекет кешеуілдетіп келген еді, енді сол іске асатын болыпты. Бұл әсіресе көпбалалы отбасылар үшін үлкен қуаныш. Әрі бала тууды ынталандыруға да көмектесетін ықпалды шешім. Еліміздегі халық санының өсуі өзекті мәселенің бірі екені даусыз, енді сол ептеп шешілетін болар деген үміт оянды.

Әйелдердің зейнет жасының 61-ге дейін азайтылуы да «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ақтайтын шешім болып отыр. Қазір жасы 60-қа таянған адамдарды ешқандай мекеме-ұйымдар, кәсіпорындар жұмысқа алғысы келмейді. Бұрыннан істеп келе жатқандарды түрлі себептермен, соның ішінде IT технологияны еркін игере алмағандығын себеп қылып, жұмыстан қысқартуға тырысады. Міне, осы адамдардың жұмыссыз қиналып жүргені жүректі ауыртатын еді. Енді тым болмаса әйелдер қауымы 61-де зейнетке ілегетін болды, оған да шүкір дейміз. Дегенмен осы мәселені әлі де тереңірек зерттеп, жеңілдікті ұлғайта түссе – артық болмас еді. Жалпы, биылғы Жолдау елімізге, халқымызға жақсы жаңалықтар әкелді деп санаймын.

**Жанат МҰХАМЕДЖАНОВ,**

«Солтүстік Қазақстан облысы Азаматтық Альянсы» ЗТҰ және «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы.

Инфографиканы жасаған Амангелді Қияс, «EQ»

\* \* \* \* \*

## МҮГЕДЕК АДАМДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес облыстың мүгедектігі бар адамдары (бұдан әрі - МБА) оңалтудың жеке бағдарламаларына сәйкес санаторлық-курорттық емдеумен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Бекітілген бюджетке сәйкес 2022 жылға арналған республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер бойынша Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы:

383 мүгедектер арбасын алу жоспарланып, 200 кресло-арба сатып алынды;

419 сурдо-техникалық құрал, 231 құрал сатып алынды;

383 тифло-техникалық құрал сатып алу жоспарланып, 227 құрал сатып алынды;

1170 протездік-ортопедиялық құралын сатып алу жоспарланып, 627 құрал сатып алынды.

6 адам кохлеарлық импланттарға арналған (Cochlear және Med-el сөйлеу процессорлары) сөйлеу процессорларын ауыстыру қызметімен қамтамасыз етілді.

Кеңейтілген тізбе бойынша 2374 іс-шара (протездік - ортопедиялық көмек, сурдо, тифлотехникалық және

гигиеналық құралдар бойынша қосымша құралдар) жоспарланып, 1313 іс-шара орындалды.

326 адамды санаторлық-курорттық емдеу қызметтерімен қамтамасыз ету жоспарланып, 154 адам қамтамасыз етілді.

Қалалық және аудандық бюджеттердің қаражаты есебінен МБА міндетті гигиеналық құралдармен, жеке көмекшілер мен ымдау тілі мамандарының қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Ағымдағы жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 983 МБА міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етілді, 565 адам әлеуметтік қызметтермен қамтылды, оның ішінде жүріп-тұруы қиын 1-топтағы 362 МБА-ға жеке көмекшілер қызметі және 203 есту кемістігі бар МБА-ға ымдау тілі мамандарының қызметі көрсетілді.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" КММ, Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64, 8(715-2)-46-46-97 тел. нөмірі бойынша толық ақпарат алуға болады.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі





Ұстаздық – ұлы құрмет, болашақтың алтын көпірі, тірегі мен жүрегі. Ұрпақтың ұлы болуы, заман талабымен білім арнасына қосылып, өмір белесін бағындыру- тікелей ұлағатты ұстазбен ұштасып сабақтасатыны хақ. Қай заман болмасын өзінің еліне адал қызмет етіп, ағартушылық іс-әрекеттерді атқара отыра ұлтының тарихы мен ежелден бергі қазақ мәдениетінің арнасын бүгінге мұрағат етіп қалдырған ұлы ұстаздарымыз баршылық. Солардың ішінде ерекше атауға тұрарлық ғасыр жүгін арқалаған, заманының дүбірлі аламанында жас ұрпақты білім мен тәрбиенің кәусар бұлағынан сусындатқан -Ахмет Байтұрсынұлы.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

*«Халқымыз өзінің тарихында ерекше орыны бар екі тұлғаны «Ұлт ұстазы» деп ардақтаған. Алдымен, әрине, ұлы Абайды айтамыз. Одан кейін Ахмет Байтұрсынұлының есімі аталады. Алаш көсемі, қазақтың біртуар перзенті Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Бұл мерейтой ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуде.*



Тәуелсіздік ұлтымыздың жанын жаңғыртып, тарихи тамырымыздан қайтадан нәр алуымызға жол ашты. Бұл ретте ұлт ұстазының еңбегін зерделеп, оны мол мұрасын ұрпақ санасына сіңіру баршамызға ортақ міндет. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ұлт руханияты үшін үлкен бір маңызды тақырып. «Осыдан тура бір ғасыр бұрын жұртымыз ұлт зиялыларының бастамасымен Ахаңның

50 жылдығын атап өткенін тарихтан білеміз. Содан бері тура бір ғасыр өтіп отыр. Бір ғасырдан кейін де Ахаң тағы да ұлтты ұйыстырып, ұлт зиялыларын бір жерге жинап отыр. Бұл да ұрпақтар сабақтастығының бір белгісі.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы.

Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларыңыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да тұңғыш рет жасады. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы - терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсетті. Ахмет



Байтұрсынұлы — қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына ті-

рек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға атсалысты. Қорыта келгенде, әдеби-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікір А.Байтұрсынов ғылыми жұмыстарға араласқанға дейін-ақ ұлт әдебиеті тарихы мен теориясының мәселелерін танымдық тұрғыда батыл көтере алғанын көреміз. Өткен аптада қыркүйектің 9 жұлдызында «Кеңес Одағының Батыры И.М. Бережной атындағы Келлер орта мектебі» 5а сыныбының оқушыларымен ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу мақсатында «Тіл білімінің атасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздім. Оқушыларға Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат берілді. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту мақсатында шәкірттеріммен пікір алмасып, Ұлы Ұстаздың ілім-білімі мен өмірін оларға үлгі еттім.

**Жадыра УСПАНОВА,**  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



# ТУҒАН ЕЛ – ӘР АДАМНЫҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

*Бір ғасырлық қазақ тарихының бар белестерін еңсерген Чкалов ауылының биыл 90 жылдығы. Жас буынның туған жерге тағзым етіп, торқалы той қылғаны көпті көрген қарияларға ерекше қуаныш болды. Ауылдың ертеңгі ұрпағына өсиет аталы сөз айтатын аталар, кіндік қаны тамған жер деп сағынышын жүрек түкпіріне түйген ақ жаулықты аналар, қонақтар, барша ауыл тұрғындары Чкалов ауылының 90-жылдық мерейтойына арналған іс-шараға жиналып, той қызу басталып кетті.*



Ауылымыздың 90 жылдық мерейлі тойында тәуелсіз еліміздің бас ордасы Нұр-Сұлтан, Сарыарқаның раушан гүлі – Көкшетау, облыс орталығы Петропавл, аудынымыздың орталығы Тайынша қалалары және тіпті шет елдер Германия, Польша, Ресейден арнайы келіп отырған қонақтар болды.

Мерейлі тойда Тайынша ауданы әкімінің орынбасарының міндетін атқарушы Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы, «АМАНАТ» партиясы қоғамдық бірлестігінің Тайынша аудандық филиалының атқарушы хатшысы Хамзин Мереке Жақсылықұлы, «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Тайынша аудандық филиалының төрайымы Попова Нина Владимировна, Тайынша ауданы және бұрынғы Чкалов ауданының басшылары құрметті қонақтарымыздың қатарында болды.

Ауылдың торқалы тойында құттықтау сөзін Тайынша ауданы әкімінің орынбасары Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы алды.

Көп жылғы адал еңбегі, Тайынша ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқаны үшін және Чкалов ауылының тоқсан жылдығына орай Тайынша ауданы әкімінің «Еңбек ардагері» медалімен Ружицкая Вера Казимировна, Есман Анна Павловна, Шахметов Кабанбай, Карпинский Роман Станиславович марапатталды.

Көп жылғы адал еңбегі, Тайынша ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқаны үшін және Чкалов ауылының тоқсан жылдығына орай Тайынша ауданы әкімінің Алғыс хатымен Иримбетов Бектор Шахенович, Шарипова Рауза Кариппуллақызы, Лисневский Виктор Эдуардович, Түлетаев Кайрат Кенжебайұлы, Аудандық ардагерлер кеңесінің Алғыс хатымен Доманская Надежда Васильевна, Стрелковский Казимир Аполиарович марапатталды.

Келесі құттықтау кезегін алған еңбек ардагері, алғашқы ардагерлер ұйымының белсендісі Стрелковский Леонид Аполиарович Чкалов ауылының құрылып, даму тарихы туралы сыр шекті.



Сондай-ақ Чкалов аудандық партия комитетінің бұрынғы хатшысы Василенко Нина Петровна, Чкалов орта мектебінің ардагер педагогы Темірбаева Күләш Хаджановна, Чкалов аудандық комсомол комитетінің бұрынғы екінші хатшысы, қазір жазушы-публицист Терещук Виктор Александрович, еңбек ардагері, көп жыл Чкалов аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, № 2 Чкалов орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарған Ешкеева Шолпан Байманқызы тұрғындарды ауылдың төл мерекесімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Чкалов жері - көп ұлт өкілдерінің бірлігі мен ынтымағы жарасқан құтты мекен. Халқымыз қашаннан бауырмал,



жақынды бауырым деп, алысты ауылым деп, мейманын төрге отырғызып, өзі жерге отыруды оғаш көрмеген. Осындай бауырмалдықтың арқасында Чкалов жерінде 15 ұлттың өкілдері тату тәтті өмір кешуде. Чкалов-сан ұлттың достық мекені. Келесі кезекте құттықтау сөз Қожағұл Махмет қажы мешітінің имамы Бекмағанбетов Арман Егінбайұлына, «Киелі Апостолдар Петр мен Павел» приходының діни қызметкері Люцианға, «Үш қасиетті» приходының діни қызметкері Александрға берілді. Сонымен қатар іс-шара барысында ауылдық көнекөз қарияларының аты аталып, құрмет көрсетілді, ауылымыздың ең жасы үлкен қариялары:

Чкалов ауылдық округінің ардагерлердің бастауыш ұйымының төрайымы Торчик Татьяна Акимовна шаңырақ құрғандарына 50 жыл толған Бондаренко Галина Станиславовна мен Бондаренко Иван Андреевичке, Насс Людмила Марьяновна мен Насс Анатолий Германовичке сыйлық, Социалистік еңбек батырларының балалары - Женский Иосиф Адольфовичтің қызы Лаговская София Иосифовнаға, Айсин Алысеннің ұлы Айсин Жұмажан Алысенұлына Батырлардың балалары буклетін табыс етті. Бірқатар ауыл тұрғындары ауылдың ең үздік ауласы номинациясымен марапатталды.

Тоқырау жылдары ауыл тұрғындарының біразы қалалар мен өзге елді мекенге қоныс аударды. Десе де кіндік қаны тамған Чкалов ауыл азаматтары ата-жұртым деп ардақтайды. Торқалы тойға жиылған қонақтың дені осы ауылдан тамыр

спорт мектеп интернатының оқушысы, мерекелік жарыста еркін күресте өз салмақ дәрежесі бойынша бірінші орынға



ие болған Жанбатыр Рауанға медаль мен грамотадан басқа, салтанатты түрде Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер күәлігі табыс етілді.



тартқан ағайын, қонысы көрші, өрісі бір тілеулестер. Торқалы тойда балуандар белдесіп, спорт жарыстары ұйымдастырылды. Өңір өнерпаздары ауыл тұрғындарына арнап мерекелік концерт тарту етті. Ауыл тойында биші қыздарымен өнер көрсеткен Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының бас балетмейстері, «Гәкку» би ансамблінің жетекшісі, «Мәдениет саласының үздігі» төлбелгісінің иегері, «Аманат» балалар би студиясының жетекшісі Ордабаева Гүлмира Мерғалиқызына алғысымыз шексіз. Ауылдан шыққан жиынға өңірдің атқамінер азаматтары демеушілік жасады. Ауылдың әр тұрғыны той орнын сайлап, үй тігіп, өз үлесін қосты.

Мерекелік концерт соңында спорт жарыстарының қорытындылары бойынша еркін күрес, қазақ күресі, дөйбй-шахмат жарысы, гip көтеру сияқты әр түрлі салмақ категориясы мен жас ерекшеліктеріне қарай жеңімпаздар марапатталып, ақшалай сыйлыққа ие болды. Чкалов ауылының тұрғыны, бүгінгі күні Петропавл қаласындағы

*Бұл шара туған жерге тағзым, жас ұрпаққа өнеге болды, - дейді жиылғандар. Барша тұрғындардың зор қуанышпен ат салысқанның нәтижесінде осындай дәрежеде той тойланды. Бұл той туған жерге деген сүйіспеншілік, туған елге деген ұлы махаббатты ояту мақсатында ұйымдастырылған іс шара болды деп есептеймін. Ата-бабаларының ерлігіне, салт-дәстүрі мен дархандығына, адалдығы мен айбарына сай ұрпақ өсіп, жасай берсін! Той тойға ұлассын! Мерекелік бағдарлама ауқымды және әр түрлі болды. Концерт басталмас бұрын мектепте «Қазақ күрестен» жарыстар өтті, оның жүлде қоры 600 мың теңгені құрады. Сондай-ақ таңнан дөйбй мен шахматтан жарыстар өтті. Ауылдың дәстүрі бойынша сәндік-көркем шығармашылық көрмесі өтті. Оған ауылдың қолөнершілері, ардагерлер қозғалысының белсенділері қатысты. Кеште мәдени іс-шаралар жастар дискотекасы мен отшашумен жалғасты. Чкаловтықтарды ауылдың 90 жылдық мерейтойымен тағы да шын жүректен құттықтаймыз!*

**Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.**

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС РЕСПУБЛИКА ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Конституциялық Кеңес Республика Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының Конституцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтініші бойынша шешім қабылдады.

## Конституциялық Кеңес шешіміне түсініктеме

Конституциялық Кеңес Республика Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының Конституцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Заң жобасы Конституцияда Республика Президентінің бір мәрте жеті жылдық өкілеттік мерзімін белгілеуді, сондай-ақ ел астанасының атауын өзгертуге байланысты Негізгі Заңның 2-бабына түзетулер енгізуді көздейді.

Конституциялық Кеңестің пікірінше, президенттік және парламенттік сайлау институты мемлекеттіліктің конституциялық моделінің барлық компоненттерін қозғайтын ерекше конституциялық құндылық. Сол себепті ол мемлекеттің маңызды органдарын жаңартудың тиімді құралы болып табылады. Осы арқылы Республиканың әлеуметтік негізі, халықтың мемлекеттік билік бастамаларын қолдауы нығайтылады.

Конституциялық Кеңес сайлау науқандары кезеңінде азаматтық қоғамның әртүрлі сегменттері жанданатынына назар аударды. Осы жағдайларда Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген барлық құндылықтар серпінді әрі үйлесімді іс-әрекет етуге тиіс.

Конституциялық Кеңестің пайымдауынша, президенттік мандаттың бір мәрте жеті жылдық мерзімін белгілеу ағымдағы жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда қабылданған мемлекеттік билікті монополизациялауға жол бермеуге бағытталған конституциялық новеллалардың мәніне сай келеді.

Президенттік мандатты бір мерзіммен шектейтін Конституцияның 42-бабы 5-тармағының ұсынылып отырған редакциясы аталған жоғары лауазымды тұлға лауазымына сайланатын барлық адамдарға тең негізде қолданылатын болады. Онымен Конституциялық Сот судьяларының бір мәрте сегіз жылдық өкілеттік мерзімін анықтау үйлеседі.

Осы орайда, Конституциялық Кеңес «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң жобасы Конституцияда белгіленген талаптарға сәйкес деп санайды.

Конституциялық Кеңес қорытындысының толық мәтіні бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

## Конституциялық Кеңес

\* \* \* \* \*

*Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 2 қорытындысы*

*«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру туралы»*

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Қ.Ә. Мәми, Кеңес мүшелері А.Қ. Дауылбаев, В.А. Малиновский, Р.Ж. Мұқашев, Ә.А. Темірбеков және У. Шапактың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру жөніндегі өтінішін қарады. Баяндамашы - Конституциялық Кеңес мүшесі В.А. Малиновскийдің хабарламасын тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, заңнамаларды талдай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі анықтады:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев, Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасына және 91-бабының 3-тармағына сүйеніп, 2022 жылғы 12 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасының (бұдан әрі – Заң жобасы) Конституцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкестігін қарау туралы өтініш кіргізді.

Келіп түскен өтінішті Негізгі Заңның нормаларына сәйкесті талдаған кезде Конституциялық Кеңес келесіні басшылыққа алды.

1. Ұсынылған Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауының (2022 жылғы 1 қыркүйек) аясында әзірленген.

Заң жобасы Конституцияның 2-бабының 3 және 3-1-тармақтарына, 41-бабының 1-тармағына, 42-бабының 5-тармағына, 71-бабының 1-тармағына және 91-бабының 2-тармағына түзетулер енгізуге, сондай-ақ Негізгі Заңды Республика Президенті лауазымына сайлануды бір мәртемен шектеу мәселелерін регламенттейтін жаңа 94-2-баппен толықтыруға бағытталған.

2. Конституциялық Кеңес бұған дейін де бірнеше рет Қазақстан Республикасын демократиялық құқықтық мемлекет ретінде бекітудің бірден-бір конституциялық құндылығы

ретінде тікелей демократияның маңызды мәселелерін, сондай-ақ сайлау құқығы мен елдің сайлау жүйесінің әртүрлі нақты аспектілерін қараған болатын. Конституциялық Кеңестің шешімдерінде Республика Президентінің, Парламенттің және оның Палаталарының, депутаттарының мандаты мен қызметінің басталуы мен тоқтатылуына, Президенттің кезектен тыс сайлауындағы байланыстық құқықтық белгісіздіктер түсіндірілді. Осы мақсатта Конституция нормаларына ресми түсіндірме бергенде, Парламент қабылдаған заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексергенде, Негізгі Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде конституциялық іс жүргізудің белгіленген нысандары қолданылды.

Мысалы, Конституциялық Кеңестің 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 2 нормативтік қаулысында түбегейлі конституциялық құндылықтардың бірі бола отырып, халықтың еркі білдірілетін акт республикалық референдумда немесе елімізде мезгіл-мезгілімен өткізіліп отыратын Республика Президенті және Парламенті депутаттарының сайлауында дауыс беру арқылы міндетті заң күшіне ие болады, деп көрсетілген;

халық қалауын заңдарда және өзге де маңызды мемлекеттік актілерде айқындау, азаматтардың жария институттарға ықпал ету рәсімдерін үнемі жетілдіру ішкі тұрақтылықтың, экономикалық даму мен халықтың әл-ауқаты жақсаруының пәрменді кепілі болып табылады (Конституциялық Кеңестің 2014 жылғы 19 маусымдағы Жолдауы).

Осы өтінішті қарау нысанасына Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімдерінде баяндалған басқа да құқықтық ұстанымдар мен ережелердің де тікелей қатысы бар (2004 жылғы 9 сәуірдегі № 5, 2005 жылғы 19 тамыздағы № 5, 2015 жылғы 24 ақпандағы №2, 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулылар, 2022 жылғы 4 мамырдағы № 1 қорытынды және басқалар).

3. Президенттік және парламенттік сайлау институты мемлекеттіліктің, демократиялық құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның конституциялық моделінің барлық басқа компоненттерін қозғайтын ерекше жүйе құрушы конституциялық құндылық. Осылайша, ол мемлекеттің маңызды органдарын жаңартудың тиімді құралы болып табылады. Сол арқылы Республиканың әлеуметтік негізі, халықтың мемлекеттік билік бастамаларын қолдауы нығайтылады.

Бұл ретте сайлау науқандары кезеңінде саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары және басқаларды қоса алғанда, азаматтық қоғамның әртүрлі сегменттері жанданады.

Сайлауға кандидат ретінде қатысатын, сондай-ақ өзінің бәсең сайлау құқығын іске асыратын азаматтардың белсенділігі артады.

Осы жағдайларда Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген барлық құндылықтар серпінді әрі үйлесімді іс-әрекет етуге тиіс. Олар мемлекет қызметінің негізгі қағидалары шеңберінде ұлттық мүдделерге қол жеткізу үшін өздеріне жүктелген функцияларды сапалы орындауға бағытталған. Тікелей демократия институттары да, атап айтқанда сайлау, тиісті деңгейде және синхронды түрде, мемлекеттің маңызды институттарын құру стратегиясы мен тактикасына сәйкес қолданылуы керек.

Конституциялық Кеңес президенттік мандаттың бір мәрте жеті жылдық мерзімін белгілеу ағымдағы жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда қабылданған мемлекеттік билікті монополизациялауға жол бермеуге бағытталған конституциялық новеллалардың мәніне сәйкес келеді, деп есептейді. Бұл мерзім аталған жоғары лауазымды тұлға лауазымына сайланатын барлық адамдарға тең негізде қолданылатын болады. Онымен Конституциялық Сот судьяларының бір мәрте сегіз жылдық өкілеттік мерзімін анықтау үйлеседі.

Конституцияның 2-бабына енгізілетін өзгерістер Негізгі Заңның 91-бабының 2-тармағында көзделген конституциялық құндылықтардың мәнін қозғамайды.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 2-тармағын және 91-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-бабы 4-тармағының 1) тармақшасын, 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағын 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі шешті:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, соның ішінде Негізгі Заңның 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға, сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қорытындысы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

3. Осы қорытынды республикалық ресми басшыларда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Конституциялық Кеңес.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Бүгінгі күні ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі жобасы бойынша жұмыс жүргізуде.

Әлеуметтік Кодекстің негізгі мақсаты – тұрғындарға түсінікті болу үшін әлеуметтік саладағы барлық қолданыстағы заң нормаларын бір құжатқа жинақтау.

Әлеуметтік Кодексті қабылдау «азаматтардың әлеуметтік құқықтары мен міндеттері туралы біріңғай білім көзін құруға, мемлекеттің, жұмыс берушілердің және жұмысшылардың міндеттері мен жауапкершіліктерін бекітуге мүмкіндік береді».

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар пакеті ұсынылды.

**Оның біріншісі, - 2023 жылдан бастап 5 жылға жоспарланған әйелдердің зейнеткерлік жасын арттыруды 61 жас деңгейінде тоқтату.**

Бұл шара коронавирус пандемиясының азаматтардың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығына кері әсерін тигізуі есебінен қабылданды. Келесі бес жыл бойы денсаулық сақтау саласын жақсарту бойынша шаралар қабылданатын болады. Сонымен қатар ауыл медицинасына, азаматтардың денсаулығын қалпына келтіруге және қолдауға бағытталған оңалту орталықтары желісін құру және кеңейтуге басты назар аударылатын болады.

**Келесі шара мыналарды қарастырады:**

**- кезеңмен, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2027 жылға дейін, базалық зейнетақының ең төменгі мөлшерін күнкөріс деңгейінен 54 пайыздан 70 пайызға, сәйкесінше, ең жоғарғысын – 100 пайыздан 120 пайызға жеткізу.** Осы кезеңде негізгі зейнетақы мөлшері орташа 51 пайызға көтерілетін болады. Сонымен қатар негізгі зейнетақының орташа мөлшерінің жыл сайынғы өсімі шамамен 13 пайызды құрайды және СҚО бойынша 100 мыңға жуық зейнеткерді қамтитын болады.

**- 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін ең жоғарғы кіріс шамасын қайта қосылған зейнеткерлер үшін 46-дан 55 АЕК ұлғайту.**

Ұсынылған шаралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орташа 27 пайызға арттыруға және жиынтық зейнетақыдағы мемлекеттік төлемдердің меншікті салмағын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Осылайша мемлекет қарт тұрғындар арасында кедейліктің өсуін болдырмау бойынша өзіне міндеттемелер қабылдайды.

**Үшінші, жұмыс беруші есебінен қосымша зейнетақы төлемдерін енгізу, кезеңмен – 2003 жылы 1,5 пайыздан бастап 2007 жылға қарай 5 пайызға.**

Бұл шара жас ұрпақты қолдауға мүмкіндік береді (1975 жылдан кейін туған), олардың зейнетақы көлемі зейнетақы төлемдеріне тікелей байланысты болады. Олардың зейнетақысы үш компоненттен құрылатын болады: мемлекеттен негізгі зейнетақы, жинақтаушы зейнетақы - өз төлемдері есебінен және шартты-жинақтаушы – жұмыс берушінің төлемдері есебінен.

Жаңа шартты-жинақтаушы зейнетақы компонентіне қалған екі компоненттің басымдықтары кіреді: ол төлем аудару кезеңін, жинақтау жүйесіндегідей аударымдардың жалпы көлемін бекітеді, сонымен қатар, ынтымақты жүйедегідей – түскен қаражат 1975 жылдан кейін туған және зейнетақы жасына жеткен жүйе қатысушыларының зейнетақысын төлеуге бағытталатын болады. Бұл жүйеден зейнетақы өмір бойы төленетін болады.

Осылайша, қазіргі жас ұрпақты зейнетақымен қамтамасыз етуге келесілер ынтымақты жауапты болады: мемлекет, жұмыс беруші және жұмысшының өзі. Бұл әлемдік тәжірибе және бір мезгілде, әрбір жұмыс берушінің әлеуметтік жауапкершілігі.

**Балалары бар отбасыларды қолдайтын қолданыстағы үлгі бүгінгі күні мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдердің 6 түрін қарастырады.**

Әлеуметтік Кодекс жобасында да әлеуметтік қолдаудың осы шаралары толығымен сақталған. Алайда, мемлекеттік деңгейде отбасылардың жеке санаттарын әлеуметтік қолдауды күшейтуге бағытталған бірқатар жаңашылдықтар енгізілуде.

Біріншіден, бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлемінің және бала күтіміне байланысты кірістен айырылған жағдайда ӘСМҚ-нан әлеуметтік төлемдер мерзімі бір жылдан быр жарым жылға дейін ұзартылатын болады.

Сонымен қатар, бұл норма **жұмыс істейтін сияқты, жұмыс істемейтін ата-аналарға** таратылатынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, бала күтіміне байланысты жәрдемақы алуға үміткер әрбір ата-ана, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысқан **өтілі неғұрлым көп болса, төлем**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

Жалғасы. Басы 7 - бетте.

мөлшері де жоғары болатынын білгені жөн. Ол бүгінгі күні ӘСМҚ-на аударылған кірістің 40 пайызын құрайды.

**Жұмыс істемейтін ата-аналар** немесе бала туғанға дейін соңғы екі жылда 6 айдан аз жұмыс істегендер тек мемлекеттік бюджеттен берілетін төлемдер мен жәрдемақыларды ала алады.

**Екіншіден**, бүгін бала күтіміндегі ата-ана жұмысқа шығатын болса, ӘСМҚ-нан бала күтіміне байланысты төленетін жәрдемақы тоқтатылуы керек.

Жаңа Кодекс бойынша, отбасылардың осы санатын қолдау үшін **төлемдер тоқтатылмайды**, және олар **жәрдемақы ретінде** республикалық бюджеттен төленетін болады.

**Үшіншіден**, Кодексжаңатүсінікпенгізді—«Марапатталған аналар». Бұл мәртебе өмір бойы, көп балалы анаға деген құрметтің белгісі ретінде, «Күміс алқа», «Алтын алқа» алқаларымен марапатталған, немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған әйелдерге тағайындалатын болады.

Марапатталған аналарға жәрдемақы мөлшері сараланатын болады. Бүгінгі күні 6, 7 және одан да көп бала туып, тәрбиелеген аналар бірдей мөлшерде жәрдемақы алады.

Әлеуметтік Кодекс қабылданғаннан бері «Алтын алқа» алқасымен марапатталған, «Батыр ана» атағы бар, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған, яғни 7-ден көп бала туып, тәрбиелеген аналардың жәрдемақы мөлшері 7,4 АЕК дейін көтерілетін болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде **Отбасының сандық карта** енгізу басталды.

Карта – бұл азаматтарға, әлеуметтік мәртебесіне қарай, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай-да бір түрін алуға құқығы туралы қондырғы **«электрондық хабарлаушы»**; және мемлекеттің қызмет көрсетуіндегі **проактивті форматтың тағы бір жаңа құралы**. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға бармай-ақ, мемлекеттік қолдаудың қандай-да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады. Бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің мәліметтері негізінде отбасылардың әл-ауқатын және оларға тиісті берілетін мемлекеттік қолдау шараларын анықтау бойынша жұмыс жүргізілді.

Бүгін Сандық картада шамамен 6 млн.отбасы мен 19 млн.отбасы мүшелерінің мәліметтері бар және былайша айтқанда «отбасы портреті» жасалды. *Біздің облыс бойынша 16 мыңнан артық.*

Бұл карталар отбасының және оның мүшелерінің мәртебесінің өзгеруіне қарай жаңартылып отырады.

Мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқық орнату кезінде әлеуетті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін СМС-хабарлама жіберіледі.

Келісім алғаннан кейін - әлеуметтік жәрдемақы, төлем немесе мемлекеттік қолдаудың өзге түрлерін тағайындау жүзеге асырылып, алушының банк есеп шотына қаражат аударылады.

**Жоба кезеңмен жүзеге асырылатын болады:**

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап – жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет түрлерін алу мүмкіндігі берілді;

2025 жылдан бастап – мемлекеттік кепілдемелердің барлық түрлері қамтылатын болады. Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі алдын ала талқылау үшін ҚР Әлеуметтік Кодекс жобасын ведомствоның ресми сайтына жариялады. ҚР Әлеуметтік Кодекс жобасына пікірлерді [soccodeks@enbek.kz](mailto:soccodeks@enbek.kz) электрондық поштасына жіберуге болады.


**Ботагөз ҚОЖАҒҰЛОВА, Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің СҚО бойынша департаментінің №2 Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.**

\* \* \* \* \*

## КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

2022 жылғы 21 қыркүйек күні Тайынша аудандық мұрағатында «Архив және болашақ ұрпақ» жобасы аясында АШЫҚ ЕСІК КҮНІ өтеді.

## ТІЛ ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, ӘР ХАЛЫҚТЫҢ БАЙЛЫҒЫ



**5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күні. Бұл күні Қазақ грамматикасын анықтау үшін ғылыми терминологияны жасаған белгілі қазақ ғалымы, көрнекті әдебиеттанушы және лингвист Ахмет Байтұрсынов дүниеге келді. Ахмет Байтұрсынов-бір басында сан салалы өнер тоғысқан, теглей-тегіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың рухани көсемі.**

Алғашқы ашқан қазақ мектебі, әдебиеттегі елшілдік ұраны- “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды. Ақынның өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады. Тіл жанашырының арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, өз ағаттықтарын түсіне бастады. Ахмет Байтұрсынов- біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы деп білеміз.

Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде оқушылардың тіл туралы білімдерін жандандыру және кеңейту, оқушылар арасында

ағылшын тілдерін меңгерген білім алушыларды анықтау.

11, 10 «А» сынып оқушылары Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орайластырылған «Тіл ұлттың жаны, әр халықтың байлығы» апталығына белсене қатысып. Ф.К.Жиенбаева және Д.Б.Трманова team teaching өткізді. Ағылшын тілі пәнінен «Let's learn English» атты интеллектуалды ойынының Балғынбек Жанерке, Халиақпар Ақмарал, Комис



Ерасыл аяулы тұлғаның өмір баянын ағылшын тілінде баяндап өздерінің қабілеттерін көрсете білді. "Ахмет Байтұрсынов-дәуірдің жарық жұлдызы" тақырыбына 10-11 сынып оқушыларымен қазақ тілі пәні мұғалімдері Р.Қ.Айтпаева, Э.Қ.Жақупова дөңгелек үстел өткізді. Д.Б.Трманова Тілдер апталығының ашылуын жарияласа, Г.В.Бредихина Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдығына арналған тақырыптық көрмесін ұйымдастырды, ал, Ризагүл Қибаққызы мен Г.Е.Арапова, Н.Р.Ақтай Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай сынып сағаттарын өткізді. "Let's learn English" intellectual game. "Ағылшын тілін үйренейік" интеллектуалды ойынды ағылшын мұғалімдері Ф.К.Жиенбаева, Д.Б.Трманова өткізді «Несущий свет» атты ақпараттық сабақты орыс тілі мен әдебиеті пінінің мұғалімі Қ.Қ.Ақтай өткізді.

"Ахмет Байтұрсынов-дәуірдің жарық жұлдызы" тақырыбына 10-11 сынып оқушыларымен қазақ тілі пәні мұғалімдері Айтпаева Ризагүл Қибаққызы мен Жақупова Эмилия Қабдоллақызы дөңгелек үстел өткізді.

ҚР Тілдері апталығына байланысты іс-шараларға белсенді қатысқан мектеп оқушылары мектеп әкімшілігі атынан «Мадақтама» қағаздарымен марапатталды.

**Қымбат ҚОЖАМБЕРГЕНОВА, Ильичевка орта мектебі, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Тілдер апталығын ұйымдастырушы.**



достық қарым-қатынасты тәрбиелеу мақсатында Ильичевка орта мектебінде 2022 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан халқы тілдерінің онкүндігін ашуға арналған жиын өткізілді.

Он күн бойы мектепте өткен Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралардың басты мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын қолдау, үштілділікті насихаттау, қазақ, орыс және

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.  
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.  
Индекс: 65710  
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г күәлігі берілген.  
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.  
Талпырыс 305 Таралымы 1300

**МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
**БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:**  
8 (715 36) 23-8-51  
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтінін хабарлама беруші автор өзі жауапты.